

Қосымша парақ: пациентке арналған ақпарат

**Арифам[®], 5 мг + 1,5 мг, модификацияланып босап шығатын,
үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар**
**Арифам[®], 10 мг + 1,5 мг, модификацияланып босап шығатын,
үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар**
Әсер етуші заттар: амлодипин + индапамид

**Препаратты қолданар алдында, онда Сіз үшін маңызды мәліметтер
баяндалғандықтан, қосымша парақты толық оқып шығыңыз.**

- Қосымша парақты сақтап қойыңыз. Сізге оны тағы бір рет оқып шығу қажет болуы мүмкін.
- Егер Сізге қосымша мәліметтер керек болса, емдеуші дәрігерге хабарласыңыз.
- Препарат Сізге ғана тағайындалған. Оны басқа адамдарға бермеңіз. Ол, егер тіпті олардың ауру симптомдары Сіздегімен сәйкес болса да, оларға зиянын тигізуі мүмкін.
- Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігерге хабарласыңыз. Осындай нұсқау кез келген болуы мүмкін, оның ішінде қосымша парақтың 4 бөлімінде атап көрсетілмеген жағымсыз реакцияларға да қатысты болады.

Қосымша парақ мазмұны

1. Арифам[®] препараты қандай түрде болады және оны не үшін қолданады.
2. Арифам[®] препаратын қабылдау алдында не туралы білу керек.
3. Арифам[®] препаратын қабылдау.
4. Болжамды жағымсыз реакциялар.
5. Арифам[®] препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер.

1. Арифам[®] препараты қандай түрде болады және оны не үшін қолданады

Арифам[®] препаратының әсер етуші заттары «Кальций өзекшелерінің блокаторлары» деп аталатын фармакотерапиялық топқа жататын амлодипин және «Диурездік дәрі» деп аталатын фармакотерапиялық топқа жататын индапамид болып табылады.

Амлодипин әсері қан жүретін тамырлар босаңсуына алып келеді, әрі осылайша тамырлар бойымен қан оңай жүреді.

Индапамид несеп айдайтын әсер иеленеді. Басқа диуретиктерге қарағанда, индапамид ұсынылатын дозаларда қабылдағанда бүйректе өндірілетін несеп көлемін мардымсыз арттырады. Арифам[®] препаратының әр әсер етуші заты артериялық қысымды төмендетеді.

Қолданылуы

Арифам[®] препараты амлодипинмен және индапамидпен емдеуді талап ететін ересек пациенттерде артериялық гипертензияны (жоғары қысым) емдеуге қолданылады.

Егер жақсару басталмаса немесе сіз нашарлауды сезінсеңіз, дәрігерге қаралу қажет.

2. Арифам[®] препаратын қабылдау алдында не туралы білу керек

Қолдануға болмайтын шаралар

Арифам[®] препаратын қабылдамаңыз:

- егер Сізде амлодипин немесе кальций өзекшелерінің кез келген басқа блокаторына (жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған препараттар) немесе индапамид немесе кез келген басқа сульфонамидке (микробқа қарсы препараттар, диуретиктер немесе жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған препараттар) немесе терінің қышынуы, қызаруы немесе тыныс тарылуы түріндегі осы препараттың кез келген басқа компоненттеріне (қосымша парактың 6 бөлімінде атап көрсетілген) аллергия болса,
- егер Сізде бүйректің ауыр ауруы болса,
- егер Сізде бауырдың ауыр ауруы болса немесе Сіз бауыр энцефалопатиясынан зардап шегіп жүрсеңіз (бауыр аурулары туғызған ми функцияларының қайтымды ықтималды бұзылуы),
- егер Сізде қандағы калий деңгейі төмен болса,
- егер Сіз бала емізіп жүрсеңіз («Жүктілік, бала емізу және фертильділік» қосалқы бөлімін қараңыз),
- егер Сізде артериялық қысымның айқын төмендеуі (гипотензия) болса,
- егер Сізде кардиогенді шок (организм Сіздің жүрегіңізді жеткілікті қан мөлшерімен қамти алмайтын жай-күй) немесе жүрек қолқасы клапанының тарылуы (аортальді стеноз) болса,
- егер Сіз жүрек ұстамасы (миокард инфарктісі) салдарынан болатын жүрек жеткіліксіздігінен зардап шегіп жүрсеңіз,
- егер Сіз 18 жасқа толмасаңыз,
- егер Сізде галактоза жақпаушылығы, лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактозалық мальабсорбция болса.

Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары

Арифам® препаратын қабылдау алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Егер Сізде бұрын келесі жай-күйлердің қандай да бірі байқалса немесе аталса, өз дәрігеріңізге мәлімдеңіз:

- егер Сіз таяуда жүрек ұстамасын (миокард инфарктісін) бастан өткерсеңіз,
- егер Сізде жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының қандай да бір бұзылулары болса, егер Сізде жүректің ишемиялық ауруы (жүрек тамырындағы қан ағымының нашарлығынан болатын жүрек ауруы) болса,
- егер Сізде бүйрек функциясының бұзылуы болса,
- егер Сіз көру өткірлігінің төмендеуін немесе көздің ауыруын сезінсеңіз. Бұл Арифам® препаратын қабылдаудың басталуынан кейін бірнеше сағат немесе апта ішінде байқауға болатын көздің шырышты қабығында сұйықтық жиналу (хориоидальдық жалқық) немесе көзішілік қысымның көтерілу симптомдары болуы мүмкін. Емдеу жүргізілмесе, көрмей қалу қайтымсыз болуы мүмкін. Егер Сізде бұрын пенициллин немесе сульфонамидтерге аллергиялық реакция болса, Сіз хориоидальдық жалқықтың өте жоғары қаупіне бейім болуыңыз мүмкін,
- егер Сізде бұлшықет бұзылыстары болса (бұлшықет ауыруын, ауырсынуын, әлсіздігін немесе құрысуларын қоса),
- егер Сізде артериялық қысымның күрт көтерілуі (гипертониялық криз) байқалса,
- егер Сіздің жасыңыз 65 жастан асып кетсе және Сізге препарат дозасын арттыру қажет болса,
- егер Сіз қандай да бір басқа дәрілік препараттарды қабылдап жүрсеңіз,
- егер Сізде құнарлы тамақтанбайтын болсаңыз,
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде қант диабеті болса,
- егер Сізде подагра болса,
- егер Сізге қалқансерік бездерінің функциясын тексеруден өткізу керек болса,
- егер Сізде бұрын фотосезімталдық реакциялары байқалса.

Емдеуші дәрігер Сізді натрий, калий (емдеу аясында төмендеуі мүмкін) немесе кальций (емдеу аясында жоғарылауы мүмкін) деңгейін бағалау үшін қан талдауын жасауға жіберуі мүмкін.

Егер Сізде жоғарыда атап көрсетілген жай-күйлердің бірі білінсе немесе егер Сізде осы дәрілік препаратты қалай қолдану жөнінде сауалдар немесе күмән туындаса, емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Спортшылар дәрілік препарат құрамына кіретін әсер етуші зат - индапамидтің допинг-бақылау өткізгенде оң нәтиже беруі мүмкін екеніне назар аудару керек.

Балалар және жасөспірімдер

Препаратты 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге бермеңіз, себебі пациенттердің осы тобында Арифам® препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректер жоқ.

Басқа препараттар және Арифам® препараты

Сіздің қандай да бір басқа дәрілік препаратты қабылдап жүргеніңіз, таяуда қабылдағаныңыз немесе қабылдай бастауды жоспарлап жүргеніңіз жөнінде Өз емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне мәлімдеңіз.

Арифам® препаратын келесі препараттармен қабылдауға болмайды:

- литий препараттары (мания немесе депрессияны емдеу үшін пайдаланылады),
- дантролен (инфузиялық) (жайылған склероз сияқты аурулар кезінде туындайтын бұлшықеттер сіресуін емдеуге арналған немесе анестезия кезіндегі қатерлі гипертермияны (осы жай-күй симптомдары өте жоғары температура мен бұлшықеттер сіресуін қамтиды) емдеуге арналған препарат.

Басқа препараттарды қабылдау Арифам® препаратымен емдеу тиімділігі мен қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз дозаны өзгерте алады және/немесе басқа алдын ала сақтандыру шараларын қабылдауы мүмкін. Егер Сіз келесі препараттарды қабылдап жүрсеңіз, оларды қабылдау кезінде ерекше сақ болу керек екендіктен, өз емдеуші дәрігеріңізді міндетті түрде хабардар етіңіз:

- жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған басқа препараттар,
- жүрек ырғағының бұзылуларын емдеуге арналған препараттар (хинидин, гидрохинидин, дизопирамид, амиодарон, соталол, дофетилид, ибутилид, бретилий),
- депрессия, үрей, шизофрения сияқты психика бұзылыстарын емдеуге арналған басқа препараттар, мысалы, трициклды антидепрессанттар, нейролептиктер және басқалар (хлорпромазин, циамазин, левомепромазин, тиоридазин, трифлуоперазин, амисульприд, сульприд, сультоприд, тиаприд, дроперидол, галоперидол, пимозид),
- кеуденің ауыруымен көрініс беретін стенокардияны емдеуге арналған препараттар (бепридил),
- асқазан-ішек бұзылыстарын емдеуге арналған препараттар (цизаприд, дифеманил),
- вена ішіне енгізуге арналған винкамин (егде жастағы адамдарда, жадыны жоғалтуды қоса, симптоматикалық когнитивті бұзылыстарды емдеуге пайдаланылады),
- галофантрин (безгектің белгілі бір типтерін емдеуге арналған препарат),
- пентамидин (пневмонияның кейбір түрлерін емдеуге арналған препарат),
- пішен қызбасы сияқты аллергиялық реакцияларды емдеу үшін пайдаланылатын антигистаминдік препараттар (мысалы, мизоластин, астемизол, терфенадин),
- қабынуға қарсы стероидты емесе препараттар, ЦОГ-2 селективті тежегіштерін немесе күніне ≥ 3 г ацетилсалицил қышқылының жоғары дозаларын қоса,
- ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштері (АӨФ тежегіштері) (жоғары артериялық қысымды төмендету және жүрек жеткіліксіздігін емдеуге тағайындалады),

- ішке қабылдауға арналған кортикостероидтар (ауыр демікпені және ревматоидты артритті қоса, әртүрлі ауруларды емдеуге тағайындалады),
- жүрек гликозидтері (жүрек жеткіліксіздігін емдеуге арналған препараттар),
- ішек моторикасын көтермелейтін іш жүргізгіш дәрілер,
- баклофен (кейбір аурулар тұсында, мысалы, жайылған склерозда басталатын бұлшықеттер сіресуін емдеуге арналған препарат)
- калий жинақтаушы диуретиктер (амилорид, спиронолактон, триамтерен),
- метформин (қант диабетін емдеуге арналған),
- құрамында йод бар контрастылы заттар (рентгенологиялық тексерулерде пайдаланылады),
- кальций таблеткалары немесе құрамында кальций бар тағам қоспалары,
- ағзалар трансплантациясынан кейін иммундық жүйені бәсеңдететін препараттар, аутоиммундық ауруларды немесе ауыр ревматизмдік немесе тері ауруларын емдеуге қолданылады, ісікке қарсы препараттар (циклоспорин, такролимус),
- mTOR тежегіштері деп аталатын класқа жататын препараттар (әсері иммундық жүйе жұмысын өзгертуге бағытталатын препараттар) (сиролимуc, темсиролимуc, эверолимуc және басқалары),
- тетракозактид (Крон ауруын емдеуге арналған препарат),
- зеңге қарсы препараттар (мысалы, кетоконазол, флуконазол, амфотерицин В инъекция түрінде),
- АИТВ емінде пайдаланылатын протеаза тежегіштері (ритонавир, индинавир),
- инфекцияларды емдеуге қолданылатын бактерияға қарсы препараттар (рифампицин, инъекцияға арналған эритромицин, кларитромицин, рокситромицин, спарфлоксацин, моксифлоксацин),
- Шілтер жапырақты шайқурай,
- кальций өзекшелерінің блокаторлары (жүрек ауруларын емдеуге арналған препараттар) (верапамил, дилтиазем),
- симвастатин (холестерин деңгейін төмендететін препарат),
- аллопуринол (подаграны емдеуге арналған препарат),
- метадон (тәуелділікті емдеуге арналған препарат).

Арифам® препараты тамақпен және сусындармен қабылдау

Арифам® препаратымен емделу кезінде грейпфрут шырынын және грейпфрутты қабылдауға болмайды, өйткені грейпфрут пен грейпфрут шырыны әсер етуші зат - амлодипиннің қандағы деңгейінің артуына әрі соның салдарынан - Арифам® препаратының гипотензиялық әсерінің күтпеген жерден күшеюіне әкелуі мүмкін.

Жүктілік, бала емізу және фертильділік

Егер Сіз жүкті болсаңыз, бала емізіп жүрсеңіз немесе жүкті болып қалдым деп ойласаңыз немесе бала көтеруді жоспарласаңыз, препаратты қолдануды бастар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Арифам® препаратын жүктілік уақытында қабылдауға кеңес берілмейді. Егер Сіз жүкті болсаңыз, Арифам® препаратын қабылдамаңыз. Егер Сіз жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз немесе жүктілік дерегі расталса, мүмкіндігінше тезірек баламалы емдеу түріне (басқа дәрілік препарат) көшу керек. Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз, емдеуші дәрігерді хабардар етіңіз.

Егер Сіз бала емізіп жүрсеңіз немесе бала емізуді бастамақ болсаңыз, Арифам® препаратын қабылдамаңыз.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Арифам® препаратын қабылдау Сіздің көлік құралдарын немесе басқа механизмдерді басқару қабілетіне ықпал етуі мүмкін. Егер осы дәрілік препаратты қабылдау кезінде Сіз жүрек айнуын, бас айналуын, әлсіздік, қалжырау немесе бас ауыруын сезінсеңіз, көлік құралдарын немесе механизмдерді басқарудан бас тартыңыз немесе өз емдеуші дәрігеріңізге дереу қаралыңыз.

Арифам® препаратының құрамында лактоза моногидраты бар

Егер Сізде қанттардың кейбір түрлеріне жақпаушылық болса, осы препаратты қабылдап алдында Өз емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

Арифам® препаратының құрамында натрий бар

Арифам® препаратының құрамында таблеткасына 1 ммоль мөлшерінен аз (23 мг) натрий бар, яғни натрий мүлде жоқ дерлік.

3. Арифам® препаратын қабылдау

Арифам® препаратының үнемі емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсынымдарымен толық сәйкестікте қабылдаңыз. Күмән пайда болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

Тәулігіне бір таблетка.

Енгізу жолы және (немесе) тәсілі

Ішке, тәуліктің белгілі бір уақытында, дұрысы – таңертеңгілік. Таблетканы шайнамастан сумен ішіп, бүтіндей жұту керек.

Емдеу ұзақтығы

Жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған препараттар тұрақты қабылдануы тиіс.

Егер Сіз Арифам® препаратын керектісінен көбірек қабылдап қойсаңыз

Егер Сіз таблеткаларды тым көп қабылдап қойсаңыз, бұл жөнінде дереу Өз емдеуші дәрігеріңізге мәлімдеңіз немесе жедел жәрдем қызметіне хабарласыңыз. Таблеткаларды тым көп мөлшерде қабылдау артериялық қысымның төмендеуіне немесе тіпті қатерлі төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сізде жүрек айну, құсу, құрысулар, сананың шатасуы және бүйректе өндірілетін несеп мөлшерінің өзгеруі байқалуы мүмкін. Егер артериялық қысым айтарлықтай қатты түсіп кетсе, шок болуы мүмкін. Тері салқындап әрі жабысқақ болып кетуі мүмкін, ал Сіз естен танып қалуыңыз мүмкін.

Өкпеде шамадан тыс сұйықтық жиналуы мүмкін (өкпе ісінуі), ол енгізуді туындата отырып, препаратты қабылдаудан кейін 24-48 сағат ішінде туындауы мүмкін.

Егер Сіз Арифам® таблеткаларын тым көп қабылдап қойсаңыз, дереу медициналық жәрдемге жүгініңіз.

Егер Сіз Арифам® препаратын қабылдауды ұмытсаңыз

Егер Сіз Арифам® препаратының кезекті дозасын қабылдауды ұмытсаңыз, келесі дозаны әдеттегі уақытта қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін Арифам® препаратының екі есе дозасын қабылдамаңыз.

Егер Сіз Арифам® препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз

Жоғары артериялық қысымды емдеу әдетте тұрақты жүргізілетіндіктен, Өз емдеуші дәрігеріңізбен алдын ала талқылап алмай, Арифам® препаратын қабылдауды тоқтатпаңыз.

Арифам® препаратын қолдану жөнінде сұрақтар болса, өз емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

4. Болжамды жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, Арифам® препараты жағымсыз реакциялар туғызуы мүмкін, алайда олардың туындауы бәрінде бірдей емес.

Егер Сізде келесі күрделі жағымсыз реакциялардың кез келгені туындаған жағдайда, Арифам® препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және дереу медициналық жәрдемге жүгініңіз.

Жиі емес – 100 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- жүрек ырғағының бұзылуы (аритмия, оның ішінде брадикардия, қарыншалық тахикардия және жүрекшелер фибрилляциясы).

Өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- қабақ, бет немесе еріннің ісінуі, айқын тыныс тарылуын туындататын тілдің және тамақтың ісінуі (ангионевроздық ісіну);
- терінің ауыр реакциялары, теріге қаптап кеткен бөртпені, есекжемді, бүкіл дене терісінің қызаруын, терінің қатты қышынуын, күлбіреуіктер түзілуін, қабыршақтануы мен ісінуін қоса (эксфолиативті дерматит) және терінің үстіңгі қабаттарының ыдырауы, шырышты қабықтар қабынуы (Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролизді қоса) немесе басқа аллергиялық реакциялар;
- жүрек ұстамасы (миокард инфарктісі);
- айқын дімкәстанумен қатар жүретін іш немесе арқа аумағында қатты ауырсынуды туындатуы мүмкін ұйқы безі тінінің қабынуы (панкреатит).

Белгісіз – қолда бар деректер бойынша туындау жиілігін анықтау мүмкін емес:

- өмірге қатерлі жүрек ырғағының бұзылуы (өліммен аяқталу қаупі зор «пирует» типті тахикардия);
- бұлшықет әлсіздігі, құрысулар (бұлшықеттер түйілуі), бұлшықеттердің ауырсынуы немесе ауыруы (миалгия), әсіресе, егер сол уақытта Сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз немесе Сізде жоғары температура болса – бұл бұлшықеттер тінінің ыдырауынан болуы мүмкін (рабдомиолиз).

Арифам® препаратын қабылдау кезінде байқалуы мүмкін басқа да болжамды жағымсыз реакциялар:

Өте жиі – 10 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- сұйықтық іркілісі (ісінулер).

Жиі – 10 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- бас ауыру, бас айналу, ұйқышылдық (әсіресе, емдеудің басында);
- көрудің бұзылуы, көзге қос көріну (диплопия);
- жүрек қағу, бет терісіне қан «тебу»;
- ентігу;
- іштің ауыруы, жүрек айну, дефекация (үлкен дәрет) жиілігінің өзгеруі, диарея, іш кату, ас қорытудың бұзылуы (диспепсия);

- тобық ісінуі, қатты қалжырау, әлсіздік (астения), бұлшықеттер түйілуі;
- бұлшықет әлсіздігін тудыруы мүмкін қандағы төмен калий деңгейі (гипокалиемия);
- тері бөртпесі.

Жиі емес – 100 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- көңіл-күйдің құбылуы, үрейлену, депрессия, ұйқысыздық;
- діріл (тремор);
- дәм сезудің өзгеруі;
- аяқ-қолдың ұйып қалуы немесе шаншуы (парестезия), сезімталдықтың төмендеуі (гипестезия);
- құлақтағы шыңыл;
- артериялық қысым төмендеуі (артериялық гипотензия);
- сусыздануға және артериялық қысым төмендеуіне әкелуі мүмкін қандағы натрий мөлшері (гипонатриемия гиповолемиамен),
- естен тану;
- мұрын шырышты қабығының қабынуынан болатын түшкіру/тұмаурату (ринит);
- жөтел, ауыз кеберсуі, құсу;
- шаштың түсуі (алопеция), қатты терлеу (гипергидроз), терінің қышынуы (қышыну), терідегі қызыл дақтар (пурпура), тері түсінің өзгеруі, есекжем;
- несеп шығарудың бұзылуы, түнгі уақытта несеп бөлінісін қысылу (никтурия), несеп мөлшерінің көбеюі (поллакиурия);
- импотенция (эректильді дисфункция), ерлердің кеуде бездеріндегі жайсыздық немесе ұлғаюы (гинекомастия);
- ауыру, дімкәстану;
- кеуде қуысының ауыруы;
- буындардың ауырсынуы (артралгия) немесе бұлшықет ауыруы (миалгия), арқаның ауыруы;
- дене салмағының артуы немесе төмендеуі.

Сирек – 1000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- сананың шатасуы;
- бас айналу (вертиго);
- қандағы хлор иондарының төмен мөлшері;
- қандағы төмен магний мөлшері.

Өте сирек – 10 000 адамның, көп дегенде, 1-де туындауы мүмкін:

- қан тарапынан бұзылулар:
 - қанда лейкоциттер санының төмендеуі (лейкопения),
 - нейтрофилдердің (лейкоциттер түрі) өте төмен саны (агранулоцитоз),
 - қандағы лейкоциттер, эритроциттер және тромбоциттер санының төмендеуі (аплазиялық анемия),
 - қандағы тромбоциттер санының төмендеуі (тромбоцитопения),
 - қандағы эритроциттер санының төмендеуі (гемолиздік анемия);
- қандағы глюкоза концентрациясының жоғарылауы (гипергликемия);
- қандағы кальций концентрациясының жоғарылауы (гиперкальциемия);
- бұлшықеттердің патологиялық ширығуы (гипертонус);
- сезімтал және/немесе қозғалыс жүйкелері тарапынан бұзылу (шеткері нейропатия);
- қан жүретін тамырлар қабынуы (васкулит);
- асқазан шырышты қабығының қабынуы (гастрит);
- қызылжелектердің ісіп кетуі (қызылжелек гиперплазиясы);
- бауыр функциясының бұзылуы, бауыр тінінің қабынуы (гепатит); терінің және/немесе шырышты қабықтардың сарғаюы (сарғаю); бауыр ферменттері

белсенділігінің жоғарылауы (бәрінен жиірек холестазбен біріккен). Бауыр жеткіліксіздігінде бауыр энцефалопатиясы (бауыр ауруынан болатын ми ауруы) дамуы мүмкін;

- терінің күнге жоғары сезімталдығы (фотосезімталдық);
- бүйрек жеткіліксіздігі.

Белгісіз – қолда бар деректер бойынша туындау жиілігін анықтау мүмкін емес:

- зертханалық параметрлер (қан талдауларының көрсеткіштері) өзгеруі мүмкін, сондықтан Сіздің жай-күйіңізді тексеру үшін Өз дәрігеріңіз қан талдауын жасауды тағайындауы мүмкін. Зертханалық параметрлердің келесі өзгерістері білінуі мүмкін:
 - буындардың, әсіресе, табан аумағының ауыруын (подагра) туғызуы немесе осы аурудың ағымын нашарлатуы мүмкін қандағы несеп қышқылы концентрациясының жоғарылауы,
 - қант диабеті бар пациенттерде қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауы;
- ЭКГ-дағы патологиялық өзгерістер;
- алыстан көрмеу (миопия);
- анық көрмеу;
- көзішілік қысымның көтерілуі салдарынан көрудің төмендеуі немесе көздің ауыруы (көздің шырышты қабығында сұйықтық жиналуының болжамды белгілері (хориоидальдық жалқық) немесе жедел жабық бұрышты глаукома);
- діріл, қимыл шектелген қалып, маска тәрізді бет, баяу қозғалу және тарпылдаған орнықсыз жүріс.

Бұрыннан бар дәнекер тін ауруы (жүйелі қызыл жегі) өршуі мүмкін.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Осы нұсқау кез келген болуы мүмкін, оның ішінде қосымша парақта атап көрсетілмеген жағымсыз реакцияларға қатысты болады. Сізге Еуразия экономикалық одағына мүше мемлекеттер (төменнен қараңыз) аумағында анықталған дәрілік препараттар тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар бойынша ақпараттық дерекқорға тікелей де хабарлауға болады. Жағымсыз реакциялар жөнінде мәлімдей отырып, сіз препарат қауіпсіздігі туралы көбірек мәліметтер алуға көмектесесіз.

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласын қадағалау
жөніндегі федералдық қызмет

(Росздравнадзор)

Мекенжайы: 109012, Мәскеу қ.,

Славянская алаңы, 4 үй, 1 кұр.

Тел.: +7 (800) 550 99 03

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі Медициналық және
фармацевтикалық бақылау комитеті
«Дәрілік заттар мен медициналық
бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы»
ШЖҚ РМК

Мекенжайы: 010000, Астана қ., Байқоңыр
ауданы, А.Иманов көш., 13 («Нұрсәулет
2» БО)

Тел.: +7 (7172) 235 135

Эл. пошта: farm@ndda.kz

<http://www.ndda.kz>

Армения Республикасы

«Дәрілік заттар мен медициналық
технологияларды сараптау орталығы»

МКЕҰ

Мекенжайы: 0051, Ереван қ., Комитас
даңғ., 49/5
Тел.: (+374 60) 83 00 73, (+374 10) 23 08 96,
(+374 10) 23 16 82
Дәрілер қауіпсіздігін мониторингтеу
бөлімінің жедел желісі: (+374 10) 20 05 05,
(+374 96) 22 05 05
Эл. пошта: info@ampira.am,
vigilance@pharm.am
<http://pharm.am>

5. Арифам® препаратын сақтау.

Препаратты баланың қолы жетпейтін, бала оны көре алмайтындай жерде сақтаңыз.

Препаратты картон қорапшасында және әр блистерде көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қабылдамаңыз. Жарамдылық мерзімінің өткен күні айдың соңғы күні болып табылады.

30 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәріз жүйесіне тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен енді қажет болмайтын препаратты қалай жою керек екенін нақты анықтаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

Арифам® препаратының құрамында

Әсер етуші заттар амлодипин мен индапамид болып табылады.

Арифам®, 5 мг + 1,5 мг, модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған әр таблетканың құрамында 5,000 мг амлодипинге сәйкес келетін 6,935 мг амлодипин безилаты және 1,500 мг индапамид бар. Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар): гипромеллоза 4000 мПа·с, лактоза моногидраты, магний стеараты, повидон К-30, коллоидты кремнийдің қостотығы, кальций гидрофосфат дигидраты, микрокристалды целлюлоза, натрий кроскармеллозасы, желатинденген жүгері крахмалы. *Үлбірлі қабық:* глицерол, гипромеллоза 6 мПа·с, макрогол 6000, магний стеараты, титанның қостотығы (E171).

Арифам®, 10 мг + 1,5 мг, модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған әр таблетканың құрамында 10,000 мг амлодипинге сәйкес келетін 13,870 мг амлодипин безилаты және 1,500 мг индапамид бар. Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар): гипромеллоза 4000 мПа·с, лактоза моногидраты, магний стеараты, повидон К-30, коллоидты кремнийдің қостотығы, кальций гидрофосфат дигидраты, микрокристалды целлюлоза, натрий кроскармеллозасы, желатинденген жүгері крахмалы. *Үлбірлі қабық:* глицерол, гипромеллоза 6 мПа·с, макрогол 6000, магний стеараты, титанның қостотығы (E171), темірдің қызыл тотығы бояғышы (E172).

Арифам® препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Арифам® , 5 мг + 1,5 мг, модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Препарат дөңгелек, екі беті дөңес, бір жағында  өрнектелген ақ түсті таблеткалар түрінде болады;

Модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Арифам® , 10 мг + 1,5 мг, модификацияланып босап шығатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Препарат дөңгелек, екі беті дөңес, бір жағында  өрнектелген қызғылт түсті таблеткалар түрінде болады.

Әр қаптаманың ішінде

15 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада (ПВХ/Ал). 2 пішінді ұяшықты қаптамадан қосымша парақпен ашылуы бақыланатын бірге картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

15 таблеткадан пішінді ұяшықты қаптамада (ПВХ/Ал). 6 пішінді ұяшықты қаптамадан қосымша парақпен ашылуы бақыланатын бірге картон қорапшада.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Франция

«Лаборатории Сервье» / Les Laboratoires Servier

Карно көш., 50, 92284 Сюрен Седекс, Франция / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

Өндіруші

Франция

«Лаборатории Сервье Индастри» / Les Laboratoires Servier Industrie

905, Саран тас жолы, 45520 Жиди, Франция

905, route de Saran, 45520 Gidy, France

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайларда тіркеу куәлігі ұстаушысының жергілікті өкіліне хабарласу керек:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937 07 00

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Армения Республикасы

«Ле Лаборатуар Сервье» компаниясының Армения Республикасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван қ., Кентрон, Амирян көшесі, 15, 100 дүкен

Тел.: +374 (10) 50 50 74

Эл. пошта: pvarmenia@servier.com

Қазақстан Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050020, Алматы қ., Достық даңғ., 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Қосымша парақ қайта қаралды

Референтті мемлекетте бекітілген күні:

Басқа да ақпарат көздері

Дәрілік препарат туралы толығырақ мәліметтер Одақ веб-сайтында мазмұндалады:
<http://eec.eaeunion.org/>

Листок-вкладыш – информация для пациента

**Арифам[®], 5 мг + 1,5 мг, таблетки с модифицированным высвобождением,
покрытые пленочной оболочкой**

**Арифам[®], 10 мг + 1,5 мг, таблетки с модифицированным высвобождением,
покрытые пленочной оболочкой**

Действующие вещества: амлодипин + индапамид

Перед приемом препарата полностью прочитайте листок-вкладыш, поскольку в нем содержатся важные для Вас сведения.

- Сохраните этот листок-вкладыш. Возможно, Вам потребуется прочитать его еще раз.
- Если у Вас возникли дополнительные вопросы, обратитесь к лечащему врачу.
- Препарат назначен именно Вам. Не передавайте его другим людям. Он может навредить им, даже если симптомы их заболевания совпадают с Вашими.
- Если у Вас возникли какие-либо нежелательные реакции, обратитесь к лечащему врачу. Данная рекомендация распространяется на любые возможные нежелательные реакции, в том числе на не перечисленные в разделе 4 листка-вкладыша.

Содержание листка-вкладыша

1. Что из себя представляет препарат Арифам[®] и для чего его применяют.
2. О чем следует знать перед приемом препарата Арифам[®].
3. Прием препарата Арифам[®].
4. Возможные нежелательные реакции.
5. Хранение препарата Арифам[®].
6. Содержимое упаковки и прочие сведения.

1. Что из себя представляет препарат Арифам[®], и для чего его применяют

Действующими веществами препарата Арифам[®] являются амлодипин, который относится к фармакотерапевтической группе под названием «Блокаторы кальциевых каналов», и индапамид, относящийся к фармакотерапевтической группе под названием «Диуретическое средство».

Действие амлодипина приводит к расслаблению кровеносных сосудов, и таким образом кровь легче проходит по сосудам.

